

## **Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау инспекциясы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 6 тамыз 1993 ж. N 335-ө

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының, Қазақстан Республикасының Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетінің Бірыңғай мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау инспекциясын ұйымдастыру туралы ұсынысы құпталсын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының мемлекеттік басқару органдары бөлімі (В.В. Шевелев) мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің осы мәселе жөніндегі қаулысының табыс етілген жобасын пысықтасын және белгіленген тәртіп бойынша республика Үкіметіне енгізісін.

Премьер-министр